

Аушенова Ғазиза Нурахметқызы
Қызылорда қаласы
Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Менің сүйікті өнертабысым және ол адамзатқа не берді?

Менің сүйікті өнертабысым және ол адамзатқа не берді?

21 ғасырдың технологиялар пен өнертабыстардың қарқынды дамып, жаңашылдықтың әлем бойынша кең етек жайған ғасыр екені айқын. Технологиялар қазірде адамзаттың күнделікті өмірінде оразан зор маңызды рөл атқарып, адамдардың өмірін жеңілдету мақсатында жиі көрініс табады. Өнертабыстар қолданысы тек адамзат үшін ғана емес, сонымен қатар, қоршаған ортаны, қандай да бір аймақты не елді жақсарту мұратында да жүзеге асуда. Осы орайда, мен де адамзаттың өмірін жақсарту әрі жеңілдетуге септігімді тигізу мақсатын алға қойып, елімнің дамуына өз үлесімді қосам деп шештім.

Еліміздегі ішкі туризм мәселесі мені қатты алаңдатты, себебі 2021 жылғы деректерге сүйенсек, қазақстандықтар өзге елдерде демалуға 107 млрд тенге қаржы жұмсаса, өз елінде демалуға 2 есе аз, нақтырақ 50,9 млрд тенге жұмсаған. Бұдан мен Қазақстанда ішкі туризмді дамытудың қажеттілігін ұғындым. Қарап отырсақ, біз өз жерімізді насихаттап, еліміздің көрікті жерлерінде саяхаттамасақ, тарихи, табиғи мұраларымыз жайлы білмесек, басқа да ұлттардың мемлекетімізге қызығушылық танытуы екі талай болуы мүмкін. “Қазақстан-2050” стратегиясында көрсетілгендей «Бай табиғатымыз бен құндылығы жоғары мәдени жетістіктерімізді пайдалану үшін ішкі туризмге назар салу қажет” пікірі де маған ішкі туризмді жетілдірудің маңыздылығын түсінуге көмектесті. Әлихан Бөкейхан атамыз «Ұлтына, жұртына қызмет ету – білімнен емес, мінезден» демекші, тарихтан сыр шертетін туристік нысандар мен тарихи мұраларға деген қызығушылықтан және еліме пайдамды тигізуге деген ұмтылыстан ішкі туризмді жақсарту үшін веб-сайт жасаймын деген шешімге келдім.

Өз веб-сайтымды жасамас бұрын өнертабыстардың бірі веб-сайттардың тарихы мен маңыздылығы туралы зерттеу жасадым. Әлемдегі ең алғаш веб-сайт 1991 жылы пайда болған және сол жылдан бері веб-сайттың өзектілігі мен адамдардың өміріндегі қолданысы тек артуда. Әдетте веб-сайттар түрлі тақырыптар мен мақсаттарда жасалады, ал оның мазмұны адамзат өміріндегі сұраныстарды қамтып, мәселелерді шешуге бағытталған.

Ал менің жасаған өнертабысым - веб-сайт «QazTour» деп аталады. Ең алдымен, «QazTour» веб-сайты «Wix» платформасы арқылы пайдаланушыға қолайлы интерфейспен жасалынды және сайтты жеке компьютер мен мобильді телефоннан қарау мүмкіндігі бар. Бұл сайттың басқа да сайттардан айырмашылығы – барлық мәліметтердің қазақ тілінде берілуінде, ал бұл өз алдында ҚР-ның мемлекеттік тілінің өркендеуіне себеп болады. Сайт арқылы ішкі туризмді 3 жолмен дамытуға болады. Бірінші парақша – «Қазақстанның інжу-маржаны» деп аталады (бұл-бірінші жолы). Қолданушылар «басты

бетті» ашады. Парақшадан «Бурабай», «Шарын» каньоны, «Қорғалжын» қорығы және «Алматы үлкен көлі» туралы суреттер мен ақпараттарды тамашалап, еліміздің табиғатына тамсанады және саяхаттауға қызығушылығы артып, нәтижесінде ішкі туризм дами түседі. Сайттың екінші парақшасы – «Халық мұрасы» (бұл - екінші жолы). Мұнда қолданушылар «Бекет ата жерасты мешіті», «Қожа Ахмет Яссауи» кесенесі, «Айша Бибі» кесенесі, «Балбал тас» секілді объектілердің ауыздан-ауызға жеткен аңыз-әнгімелерімен танысып, қызықтыру арқылы туристтердің осы жерлерді өз көзімен көруге ынталана түседі. Құрсақ көтере алмай жүрген әйел адамдар, өмірінде қиындыққа тап болғандар наным-сенім бойынша осы киелі мекендерді аралап, сыйынып, тілек тілеп, нәтижесінде мақсат-мұратына жетуі мүмкін. Үшінші парақша – «Жол бағдар» (бұл – үшінші жолы). Аталған барлық туристік нысандардың «Google maps» картасында орналасуы және сол қолданушының тұрған жерінен нысанға апарар жол маршруты, қанша шақырымда орналасқаны, тіпті жол жүру уақытының да көрсетілуі туристтердің уақытын үнемдеп, жолын жеңілдетеді. Бұдан бөлек, сайтта Қазақстанның туризміне қатысты соңғы жаңалықтар жайлы блог жазбалар қосылған және алда жаңартылып отырады. Әрине, қолданушылар арасында сұрақ пайда болған жайттар үшін «Байланыс жолдары» бөлімі де орнатылды. Қалаған жағдайда сайттан шықпай-ақ сұрақтары мен ұсыныстарын жібере алады, не болмаса әлеуметтік желілерге сілтеме батырмасы арқылы байланыса алады. Аталып өткен ерекшеліктерден бөлек, алдағы уақытта веб-сайтта туризм нысандары «Толықтырылған шындық» арқылы 3D форматына қосылып, мүмкіндігі шектеулі жандар нысандарды өз көзімен көргендей болады. Сондай-ақ, 2022 жылдың маусым айында осы жобамды Ақтау қаласында өтілген «Caspian Startup» жобалар жарысында қорғап, жобама деген қазылар алқасының оң көзқарасымен, ұсыныстарын тыңдап келдім.

«QazTour» жобасы Қазақстанның көрікті табиғаты мен тамыры тереңге тарайтын тарихына тұрғындар назарын аудартып, қызықтыру арқылы ел экономикасының өркендеуіне септігін тигізеді. Ішкі туризмді дамытып, қазақстандықтар бойында патриоттық сезімнің артуына әкеледі. Сол себепті, болашақта веб-сайт жергілікті туристтер арасында танымалдылыққа ие болып жатқан жағдайда сайтты еркін түрде дамытып, пайдаланумен қатар техникалық және мазмұндық шешімдер қабылдау үшін патенттейтін боламын.

Қорытындылай келе, бұл «QazTour» жобасы - менің патриоттық сезімімнен туылған, туған елімнің өркендеуіне қосқан үлесім. Қазақстанның үміті – жастар. Көзі ашық, көкірегі ояу, көкжиек танымы кең, оқыған жас ұрпақ қазақ елін халықаралық аренада басқа да елдерге паш етіп, мемлекеттің экономикалық тұрғыдан дамытатынына кепіл сенімдімін. Бұл менің ішкі туризмді дамытуға арналған «QazTour» өнертабысымның (сайттың) сілтемесі <https://aushenovag05.wixsite.com/qaztour> .